

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, оқушы мен мұғалімге жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 тамыздағы № 646 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, оқушы мен мұғалімге жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, оқушы мен мұғалімге жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 22, 174-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 13-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 6, 28-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 128-құжат; 2015 ж., № 10, 50-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7 (2782), 36-құжат):

1) мазмұнында:

14-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"14-тарау. Бала асырап алу жөніндегі агенттіктерді және жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыру жөніндегі ұйымдарды аккредиттеуді жүргізу";

112, 113 және 114-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"112-бап. Агенттіктерді және ұйымдарды аккредиттеуді жүргізу тәртібі";

"113-бап. Ұйымдардың, агенттіктер филиалдарының және (немесе) өкілдіктерінің қызметін ұзарту, тоқтата тұру және (немесе) тоқтату";

"114-бап. Агенттік филиалының және (немесе) өкілдігінің, ұйымның құқықтары мен міндеттері";

2) 1-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) аккредиттеу – Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органының бала асырап алу жөніндегі агенттіктердің, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыру жөніндегі ұйымдардың өз қызметін жүзеге асыру құқықтарын ресми тануы;"

1-тармақ мынадай мазмұндағы 17-3) тармақшамен толықтырылсын:

"17-3) жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыру жөніндегі ұйым (бұдан әрі – ұйым) – Қазақстан Республикасының аумағында жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына өтеусіз негізде орналастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;"

3) 85-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, балаларды асырап алуға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтары баланы жеке өзі таңдауға, онымен кемінде екі апта тікелей араласуға, баланың тұратын жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға баланы асырап алуға тілек білдіргені туралы жазбаша өтінішхат беруге, сондай-ақ тұрғын үй жағдайларын тексеріп-қарау актісін, жиынтық табыс мөлшері, отбасы жағдайы, денсаулық жағдайы туралы, сотталмағандығы туралы анықтамалар және жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың дайындықтан өткендігі туралы сертификат ұсынуға міндетті.";

4) 91-бапта:

2-тармақтың 14) тармақшасындағы "адамдарды қоспағанда (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда), кәмелетке толған адамдар бала асырап алушылар болуы мүмкін." деген сөздер "адамдарды қоспағанда (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда);" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) осы баптың төртінші тармағында белгіленген тәртіппен даярлықтан өтпеген адамдарды қоспағанда (баланың жақын туыстарын, сондай-ақ бала асырап алушылар болып табылатын немесе болып табылған және оларға қатысты бала асырап алудың күші жойылмаған адамдарды және балалардың қорғаншылары (қамқоршылары) болып табылатын немесе болып табылған және өздеріне жүктелген міндеттерді орындаудан шеттетілмеген адамдарды қоспағанда), кәмелетке толған адамдар бала асырап алушылар болуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға, асырап алуға тілек білдірген адамдарды психологиялық-педагогикалық және құқықтық даярлауға жәрдемдесу мақсатында оларды даярлау жүзеге асырылады.

Даярлық бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптарды, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдарды даярлау жөніндегі қызметті ұйымдастыру тәртібін және Қазақстан Республикасының аумағында осындай даярлықтан өткені туралы сертификат нысанын Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы бекітеді.";

5) 14-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"14-тарау. Бала асырап алу жөніндегі агенттіктерді және жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыру жөніндегі ұйымдарды аккредиттеуді жүргізу";

б) 111-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"111-бап. Жалпы ережелер

1. Аккредиттеу туралы өтініш берген кезде құрылтайшылары агенттік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылатын, өз мемлекетінің аумағында көрсетілген салада өз қызметін филиалдар немесе өкілдіктер құру жолымен кемінде он жыл жүзеге асыратын бала асырап алу жөніндегі агенттіктер (бұдан әрі – агенттіктер), сондай-ақ аккредиттеу туралы өтініш берген кезде құрылтайшылары Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті филиалдар құру жолымен кемінде бір жыл жүзеге асыратын ұйымдар аккредиттеуге жатады.

2. Аккредиттеу агенттіктің филиалы және (немесе) өкілдігі есептік тіркелгенге дейін жүргізіледі.

3. Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органдардың, жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың қызметкерлері, олардың жұбайларын және жақын туыстарын қоса алғанда, сондай-ақ адам өлтіргені,

денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, халық денсаулығы мен имандылыққа, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда) адамдар агенттік филиалының және (немесе) өкілдігінің қызметкерлері бола алмайды.

4. Бала асырап алу жөніндегі агенттіктерді және ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайды.

5. Қазақстан Республикасының аумағында аккредиттелген агенттіктердің жалпы саны жиырмадан аспауға тиіс.";

7) 112-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"112-бап. Агенттіктерді және ұйымдарды аккредиттеуді жүргізу тәртібі";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Агенттіктерді және ұйымдарды аккредиттеу туралы, оның ішінде аккредиттеуден бас тарту туралы мәселені Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы қарайды.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Ұйымның сенім білдірген адамы мынадай құжаттарды:

1) құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелерін;

2) ұйымдар жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы іс-шараларды бірлесіп немесе мемлекеттік органдардың тапсырысы бойынша іске асырған мемлекеттік органдардан кемінде үш ұсыным хатты;

3) ұйымның Қазақстан Республикасының азаматтарына ұсынатын қызметтерінің тізбесін;

4) Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына тәрбиелеуге (қорғаншылыққа, қамқоршылыққа, патронатқа, қабылдаушы отбасына, асырап алуға) берілген балалардың өмір сүру және тәрбиелену жағдайларына бақылауды жүзеге асыру және белгіленген тәртіппен тиісті есептер мен ақпарат ұсыну жөніндегі міндеттемені;

5) ұйымның сенім білдірген адамға берген нотариалды куәландырылған сенімхатын ;

6) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына және құқық қорғау органдарына баланың қайтыс болуы, оған

қатыгездік көрсету, оның ішінде балаға физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылық жасау, сондай-ақ баланың жыныстық тиіспеушілігіне қастық жасау фактісі туралы жедел хабар беру туралы міндеттемені;

7) жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар және балаларды өз отбасыларына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдар туралы дербес деректерді жария етпеу туралы міндеттемені;

8) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органын ұйымның құрылтай құжаттарындағы өзгерістер туралы хабардар ету туралы міндеттемені;

9) жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдарды даярлау бағдарламаларын;

10) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында осы Кодекстің 114-бабында көзделген міндеттемелерді жүзеге асыру үшін жеткілікті кадр, материалдық-техникалық және қаржы ресурстарының бар-жоғын;

11) салық берешегінің жоқ екені туралы мәліметтерді;

12) коммерциялық емес ұйымдар туралы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес ұйымның қызметі туралы мәліметтерді қоса отырып, өтініш береді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Агенттікті аккредиттеу туралы шешімді Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы өз құзыреті шегінде аккредиттеу мүмкіндігі туралы тиісті қорытындылар беретін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісе отырып қабылдайды.

Ұйымды аккредиттеу туралы шешімді Ішкі істер министрлігі, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау саласындағы және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жүргізу саласындағы уәкілетті органдар ұсынған өз құзыреті шегінде аккредиттеу мүмкіндігі туралы қорытындылар негізінде Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы қабылдайды.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Агенттікті, ұйымды аккредиттеуден, қызмет ету мерзімін ұзартудан, қызметін мерзімінен бұрын тоқтатудан бас тарту негіздері тиісінше:

1) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес болмауы;

2) өз қызметі туралы дәйексіз мәліметтер ұсыну;

3) агенттіктің немесе оның филиалдарының және (немесе) өкілдіктерінің немесе ұйымның қызметі туралы шет мемлекеттің құзыретті органдарынан, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан келіп түскен келеңсіз ақпараттың болуы;

4) агенттік орналасқан мемлекеттегі қолайсыз әлеуметтік-экономикалық, саяси, экологиялық жағдайлар, әскери іс-қимылдардың жүзеге асуы;

5) агенттіктің филиалы және (немесе) өкілдігі немесе ұйым қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуы;

6) агенттіктің немесе ұйымның асырап алынған балалардың тұрмыс жағдайлары мен тәрбиесін бақылауды жүзеге асыру және белгіленген тәртіппен тиісті есептер мен ақпарат беру жөніндегі өз міндеттемелерін бұзуы;

7) агенттіктің асырап алынған баланың Қазақстан Республикасының консулдық мекемесінде белгіленген тәртіппен есепке қойылуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өз міндеттемелерін бұзуы;

8) агенттіктің немесе ұйымның өз мемлекетінің аумағында қызметін тоқтатуы;

9) Қазақстан Республикасының аумағында аккредиттелген агенттіктердің белгіленген санынан асыру болып табылады.";

8) 113-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"113-бап. Ұйымның, агенттік филиалдарының және (немесе) өкілдіктерінің қызметін ұзарту, тоқтата тұру және (немесе) тоқтату

1. Агенттік, ұйым аккредиттеу мерзімін ұзарту үшін аккредиттеу мерзімі өткенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына мерзімді ұзарту туралы өтініш береді.

Аккредиттеу мерзімін ұзарту туралы өтінішті Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы өтінішті қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды. Аккредиттеу мерзімін ұзарту туралы (ұзартудан бас тарту туралы) дәлелді шешімді Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы қабылдап, ұйымға, агенттіктің филиалына және (немесе) өкілдігіне шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жібереді.

2. Егер олар агенттікті немесе ұйымды алғашқы аккредиттеуден кейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген барлық талаптарды сақтаған жағдайда, осы баптың 1-тармағында көзделген мерзім өткен соң аккредиттеу мерзімі автоматты түрде ұзартылады.

3. Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы:

1) осы Кодекстің нормалары сақталмаған;

2) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына және (немесе) өзге де мемлекеттік органдарға агенттік филиалының және (немесе) өкілдігінің немесе ұйымның қызметіне негізделіп шағымдар жасалған

жағдайда, агенттікті немесе ұйымды аккредиттеу туралы шешімнің қолданысын тоқтата тұрады.

Агенттіктің филиалын және (немесе) өкілдігін немесе ұйымды Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы қызметті тоқтата тұру туралы тиісті шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

4. Агенттікті немесе ұйымды аккредиттеу туралы шешімнің қолданылуын тоқтата тұруға әкеп соққан бұзушылықтар бір ай ішінде жойылған кезде Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы оларды қайтадан қолданысқа енгізеді.

5. Агенттіктің немесе ұйымның филиалдары және (немесе) өкілдіктері мынадай жағдайларда:

1) өзінің негізгі қызметін құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырмаса;

2) аккредиттеу туралы шешімнің қолданылуын тоқтата тұруға әкеп соққан бұзушылықтарды бір ай ішінде жоймаса;

3) қызметті тоқтату туралы өтініш берсе;

4) аккредиттеу туралы шешімнің қолданылу мерзімі өтсе және аккредиттеу мерзімін жаңа мерзімге ұзарту мүмкін болмаса, өз қызметін тоқтатады.

6. Агенттік филиалдарының және (немесе) өкілдіктерінің, ұйымдардың қызметін тоқтату мәселелері осы баптың 5-тармағында көрсетілген мән-жайлар анықталған (туындаған) күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.

Агенттік филиалының және (немесе) өкілдігінің, ұйымның қызметін тоқтату туралы дәлелді шешімді Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы қабылдайды және шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оларға жібереді.

7. Агенттік филиалын және (немесе) өкілдігін немесе ұйымды аккредиттеу, олардың қызметін тоқтата тұру және тоқтату туралы шешімді Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органының ресми интернет-ресурсына шешімді орналастыру арқылы Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы жариялайды.";

9) 114-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"114-бап. Агенттік, ұйым филиалының және (немесе) өкілдігінің құқықтары мен міндеттері";

мынадай мазмұндағы 1-1 және 2-1-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Ұйым:

1) жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына тәрбиелеуге орналастыру қызметін жүзеге асыруға;

2) жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдарға заңдық және психологиялық консультация беруге;

3) жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы ақпарат алуға;

4) жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдарды оқытуға;

5) жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеуге (асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа, қабылдаушы отбасына) қабылдауға тілек білдірген азаматтарды іріктеуді жүзеге асыруға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымды адамдар мен мемлекеттік органдардың әрекеттері мен шешімдеріне шағым жасауға;

8) қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға бала асырап алушы, қорғаншы, қамқоршы, патронат тәрбиеші, қабылдаушы ата-ана болуға үміткерлердің қорғаншылыққа, қамқоршылыққа, патронатқа, қабылдаушы отбасына, сондай-ақ бала асырап алу үшін сотқа құжаттарын ұсынуға;

9) бала асырап алу туралы істерді қарау кезінде сот отырыстарына қатысуға, бала асырап алу туралы сот шешімдерін алуға, сондай-ақ бала асырап алушыларға туу туралы, бала асырап алу туралы куәліктерді ресімдеуде жәрдем көрсетуге;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2-1. Ұйым белгіленген тәртіппен:

1) жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына тәрбиелеуге орналастыру құпиясын сақтауға;

2) алты айда кемінде бір рет қабылдаушы ата-аналарға баруға және барудың қорытындылары бойынша отбасының функционалдық жай-күйі және психологиялық ахуал туралы есеп беруге;

3) жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасыларына тәрбиелеуге қабылдаған адамдарға психологиялық, құқықтық және өзге де көмек көрсетуге;

4) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына және құқық қорғау органдарына баланың қайтыс болу, оған қатыгез қарау, оның ішінде балаға күш көрсету немесе психикалық зорлық-зомбылықты жүзеге асыру, сондай-ақ баланың жыныстық тиіспеушілігіне оқталу фактісі туралы жиырма төрт сағат ішінде хабарлауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.";

10) 115-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың және жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және орналастыру бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды орындайтын басқа да ұйымдардың қызметі, сондай-ақ агенттіктер мен ұйымдардың осы Кодексте көзделген қызметі бала асырап алу жөніндегі делдалдық қызмет болып табылмайды.";

11) 116-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау – оларды отбасына тәрбиелеуге (асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа, баланы қабылдайтын отбасына) беру арқылы, ал мұндай мүмкіндік болмаған кезде жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған барлық типтегі ұйымдарға беру арқылы жүзеге асырылады.

Балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына тәрбиелеуге (асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа, қабылдаушы отбасына беру баланың жақын туыстарын қоспағанда, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдар даярлау бағдарламасынан міндетті түрде өткен кезде жүзеге асырылады.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасыларына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдарды даярлауды ұйымдастыру өтеусіз негізде жүзеге асырылады.";

12) 118-2-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұратын жері бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдары жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды қабылдауға тілек білдірген адамдардың келісімімен олар туралы мәліметтерді осы Кодексте көзделген ұйымдарға береді.";

13) 118-3-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы құпия ақпаратты жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұратын жері бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органы, Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы, сондай-ақ жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған

балаларды орналастыру жөніндегі ұйым жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы туынды ақпаратты жасау үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалана алады.";

14) 122-бапта:

1-тармақтың 12) тармақшасындағы "қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда), кәмелетке толған адамдар ғана қорғаншылар немесе қамқоршылар бола алады." деген сөздер "қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда);" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) осы баптың 6-тармағында белгіленген тәртіппен даярлықтан өтпеген адамдарды қоспағанда (баланың жақын туыстарын, сондай-ақ бала асырап алушылар болып табылатын немесе болып табылған және оларға қатысты бала асырап алудың күші жойылмаған адамдарды және балалардың қорғаншылары (қамқоршылары) болып табылатын немесе болып табылған және өздеріне жүктелген міндеттерді орындаудан шеттетілмеген адамдарды қоспағанда), кәмелетке толған адамдар ғана қорғаншылар немесе қамқоршылар бола алады.";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Өз отбасына жетім баланы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алуға тілек білдірген адамдарды психологиялық-педагогикалық және құқықтық даярлауға жәрдемдесу мақсатында оларды тұрғылықты жері бойынша даярлау осы Кодекстің 91-бабының 4-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.";

15) 124-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Алименттерден, жәрдемақылардан және басқа да әлеуметтік төлемдерден түскен қаражатты аудару үшін жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың басшылары екінші деңгейдегі жинақ шоттарын ашуға міндетті.";

16) 128-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар басшыларының, қолда бар жинақтарды тәрбиеленушілердің жинақ шоттарына аударуды қоспағанда, алименттерден, жәрдемақылардан түскен қаражаттарын және басқа да әлеуметтік төлемдерін тәрбиеленушілердің банк шоттарынан алуға құқығы жоқ."

2. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; №

22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53, 57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; № 12, 34-құжат; № 14, 49, 50, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 114, 115-құжаттар; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 9, 27-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 36, 37-құжаттар; № 12, 39-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46, 49, 50-құжаттар; № 16, 53-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 23, 91-құжат; № 24, 93, 94-құжаттар; 2019 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 2, 6-құжат; № 7, 36-құжат):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 207-2-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"207-2-бап. Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу тәртібін бұзу";

2) мынадай мазмұндағы 207-2-баппен толықтырылсын:

"207-2-бап. Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу тәртібін бұзу

1. Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, конкурстық құжаттамаға қойылатын не тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде орналастырылатын ақпаратта әлеуетті өнім берушілерге сандық жағынан өлшенбейтін және (немесе) әкімшілендірілмейтін кез келген талаптарды белгілеу не сатып алынатын қызметтердің, тауарлардың жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілілігін айқындайтын сипаттамаларына нұсқау жасау арқылы орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу тәртібін бұзу –

лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Конкурса қатысуға арналған өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурса қатысуға арналған өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, конкурса қатысуға арналған өтінімдерді білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіпте көзделген біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіру мерзімі өткеннен кейін тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты конкурстық комиссияның сұрау жіберуі және оның өзге де іс-әрекеттері –

лауазымды адамдарға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3. Конкурстық құжаттамада көрсетілетін қызметтерді, тауарларды берушілерге білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіпте көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеу – лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

4. Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен көзделген талаптарды өлшемдерді қолданбау, көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды жеткізушілерді таңдау бөлігінде бұзу, сол сияқты оларды дұрыс есептемеу – лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

5. Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен көзделмеген негіздер бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды әлеуетті өнім берушіні біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес емес деп тану –

лауазымды адамдарға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

6. Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде лоттарға бөлмеу –

лауазымды адамдарға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

7. Тапсырыс берушінің:

1) оны конкурс жеңімпазы деп таныған жағдайда шарт жасасудан жалтарған;

2) орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру жөнінде көрсетілетін қызметтер, тауарлар, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарлар туралы олармен жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған;

3) біліктілік талаптары бойынша дәйексіз ақпарат берген жағдайларда орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру жөнінде көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім

балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды әлеуетті беруші немесе берушіні жосықсыз беруші деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінбеу немесе уақтылы жүгінбеу –

лауазымды адамдарға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

8. Конкурса қатысуға жіберу хаттамасында, конкурс қорытындылары туралы хаттамада әлеуетті өнім берушінің конкурса қатысуға арналған өтінімін қабылдамау себептерінің егжей-тегжейлі сипаттамасын, оның ішінде оның біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтіндігін растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсетпеу –

лауазымды адамдарға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

9. Көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды сатып алудың жылдық жоспарын немесе көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды сатып алудың жылдық жоспарына енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды конкурсты ұйымдастырушының интернет-ресурсында немесе конкурсты ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымында орналастырмау немесе уақтылы орналастырмау, сол сияқты экономикалық сыныптаманың көрсетілетін қызметтерді, тауарларды сатып алу туралы шарт жасау талап етілетін ерекшеліктері (шығыстар баптары) бойынша жиынтығында бюджетке (даму жоспарына) немесе жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес келмейтін көлемде көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды сатып алудың жылдық жоспарын бекіту (нақтылау) –

лауазымды адамдарға он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

10. Әлеуетті өнім берушілердің конкурса қатысуға өтінімдерін уақтылы қарамау, сол сияқты конкурса қатысуға рұқсат беру хаттамасын және (немесе) конкурс қорытындылары туралы хаттаманы уақтылы орналастырмау –

лауазымды адамдарға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

11. Осы баптың бірінші және төртінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

лауазымды адамдарға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

12. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

лауазымды адамдарға алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

13. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

лауазымды адамдарға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

3) 409-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Педагогтың міндеттері мен педагогтік этика нормаларын орындамауы немесе тиісінше орындамауы –

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

мынадай мазмұндағы 7-3, 7-4, 7-5 және 7-6-бөліктермен толықтырылсын:

"7-3. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, педагогті өзінің кәсіби міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тарту;

2) педагогтен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген есептілік не ақпарат беруді талап ету;

3) педагогке Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу міндеттерін жүктеу түрінде бұзу –

ескерту жасауға алып келеді;

7-4. Осы баптың 7-3-бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет –

лауазымды адамдарға – жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – алпыс, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

7-5. Педагог ретінде:

1) педагогикалық қызметті жүзеге асыру құқығынан айырылған;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз, әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған;

3) психикалық және мінез-құлық бұзылулары бар динамикалық бақылауда тұрған;

4) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында белгіленген шектеулерді бұза отырып адамдарды жұмысқа қабылдау – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

4) 722-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің органдары осы Кодекстің 184, 207, 207-2, 209, 230 (екінші бөлігінде) (бұл бұзушылықтарды аудиторлық ұйымдар жасаған кезде), 233 (екінші бөлігінде), 234, 238, 239 (бірінші, екінші және бесінші

бөліктерінде), 240, 241, 246-1 (бұл бұзушылықтарға квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу кезінде жол берілген кезде), 247 (бірінші, екінші, үшінші, бесінші, жетінші және оныншы бөліктерінде), 248, 249, 250, 267, 264 (бірінші бөлігінде (бұл бұзушылықтарды аудиторлық ұйымдар жасаған кезде) баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.");

5) 730-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Білім беру саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 84, 409 (бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, 7-3, 7-4, 7-5-бөліктерінде), 464 (бірінші бөлігінде) баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды."

3. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-IV, 151-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 12, 34-құжат; № 13, 45-құжат; № 20, 96-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 10, 32-құжат; №14, 42-құжат; №15, 47, 48-құжаттар):

1) 35-баптың 8) тармақшасындағы "архивтік анықтама жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат болып табылады." деген сөздер "архивтік анықтама;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) функционалдық міндеттерді орындау кезеңі туралы (білім алушының еңбек қызметі туралы) мәліметтерді қамтитын дуальды оқыту туралы шарт жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат болып табылады."

4. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., №23, 143-құжат, Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 18, 366-құжат; 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; № 21, 782-құжат; 2001 ж., № 10, 121-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2003 ж., № 15, 131-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 94-құжат; 2009 ж., № 23, 111-құжат; 2010 ж., № 11, 59-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; 2012 ж., № 1, 1-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; 2014 ж., № 11, 67-құжат; 2015 ж., № 6, 27-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 22-I, 140-құжат ; 2017 ж., №16, 56-құжат; № 9-10 (2784-2785), 52-құжат, 2019 ж.):

1) 24-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы.";

2) 25-бапта екінші бөліктегі "азаматтарға беріледі." деген сөздер "азаматтарға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"-"Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" – республикаға сіңірген педагогикалық қызметтегі ерен еңбегі үшін білім беру ұйымдарының педагогіне беріледі;"

5. "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 649-құжат; 2002 ж., № 4, 32-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 15-16,

71-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 11, 61-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 16, 79-құжат; № 22-I, 140-құжат; 2016 ж., № 23, 118-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 16, 56-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 16 (2767), 56-құжат, 2018 ж.):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1. террористік белсенділік аймағы – шегінде халықтың үрейленуіне байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке зиян келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттер жасалатын аумақ;"

2) 7-баптың 19) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"19) білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін және жоғары оқу орындарында факультативтік сабақтар өткізу жолымен қоғамда терроризмге қарсы сананы қалыптастыруды қамтамасыз етеді, террористік белсенділік аймақтарынан келген адамдарды (отбасыларды) әлеуметтік оңалту және дерадикалдандыру мәселелері жөніндегі шараларды үйлестіруді жүзеге асырады және оларға әлеуметтік оңалту және дерадикалдандыру тәртібін айқындайды."

3) мынадай мазмұндағы 17-1-баппен толықтырылсын:

"17-1-бап. Террористік белсенділік аймақтарынан келген адамдарды (отбасыларды) әлеуметтік оңалту және дерадикалдандыру

Террористік белсенділік аймақтарынан келген адамдар (отбасылар) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әлеуметтік оңалтудан және дерадикалдандырудан өтеді."

6. "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 16, 152-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; 2013 жыл, № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; 2015 ж., №23-II, 170-құжат; №14, 42-құжат, 2018 ж.):

1) 1-бапта:

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) арнаулы оқу бағдарламалары – мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары негізінде әзірленетін және ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) оқытуға және дамытуға бағытталған бағдарламалар, психологиялық-педагогикалық консультациялар ұсынымдары ескеріле отырып айқындалатын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психикалық-дене ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескереді;"

15) тармақша алып тасталсын;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) арнаулы білім беру жағдайлары – арнаулы оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, өмір сүру ортасын, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын, онсыз ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін емес жағдайлар;"

17) және 18) тармақшалар алып тасталсын;

2) 4-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын;

3) 6-баптың 1) және 3) тармақшалары алып тасталсын;

4) 8-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада, сондай-ақ аудан орталықтарында алпыс мың балаға арналған психологиялық-педагогикалық консультациялар; республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада оңалту орталықтарын құрады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада, сондай-ақ аудан орталықтарында психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерін құрады.";

5) 10-бап алып тасталсын;

6) 11-баптың 1-тармағы алып тасталсын.

7. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 17, 154-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 72-құжат; № 17, 81-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 173-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 77-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 21-құжат; № 11, 65-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 15, 46-құжат; 2019 ж., № 7, 36-құжат):

мынадай мазмұндағы 41-2-баппен толықтырылсын:

"41-2-бап. Террористік белсенділік аймақтарынан келген баланы қорғау

Қазақстан Республикасы террористік белсенділік аймақтарынан келген балаларды әлеуметтік оңалту және дерадикалдандыру бойынша шаралар қабылдайды."

8. "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" 2004 жылғы

9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 18, 105-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 72-құжат; 2010 ж., № 8, 41-құжат; № 22, 130-құжат, № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 3, 21-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 94-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 115-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; 2019 ж., № 7, 36-құжат):

1) 7-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы үлгі ережені бекітеді;"

9. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 128-құжат; № 18, 142-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 4, 32-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 7-құжат; № 7, 34-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 10, 50-құжат; № 14, 72-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 22-V, 156, 158-құжаттар; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат; № 23, 119-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 9, 17, 18-құжаттар; № 13, 45-құжат; № 14, 50, 53-құжаттар; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 9, 31-құжат; № 10, 32-құжат; № 14, 42-құжат; № 15, 47, 48-құжаттар; № 22, 83-құжат; 2019 ж., № 3-4, 16-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "педагог қызметкердің және оған теңестірілген адамның", "педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдардың", "педагог кадрлардың", "педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар" деген сөздер тиісінше "педагогтің", "педагогтердің", "педагогтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

7-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1) біліктілікті арттырудың ваучерлік-модульдік жүйесі – педагогке ұйымды, оқытудың мазмұны мен мерзімдерін таңдауға мүмкіндік беретін, мемлекет белгілеген және белгілі бір ақша сомасымен қамтамасыз етілген, атаулы құжат (ваучер) түрінде ресімделген жан басына шаққандағы норматив негізінде қаржыландырылатын біліктілікті арттыру нысаны;"

мынадай мазмұндағы 7-5), 9-3), 12-1), 12-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-5) білім беру қажеттіліктерінің деңгейін бағалау – ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білімге

қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасауда қажеттіліктер деңгейін айқындау";

"9-3) білім сапасы – бұл құзыреттілік пен кәсіби сана-сезімнің дәйекті және іс жүзінде тиімді қалыптасуын анықтайтын білім беру процесі сипаттамаларының кешені";

"12-1) курстан кейінгі мониторинг – педагогикалық практиканың нақты жағдайын білім беру ұйымдарында оқу процесінің күтілетін нәтижелерімен салыстыру мақсатында сертификатталған педагогтердің білім беру процесінің сапасын үздіксіз, мақсатты бағалау және басқару жүйесі";

"12-2) педагогтерді курстан кейінгі сүйемелдеу және қолдау – педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған білім беру қызметін әдістемелік, консультациялық сүйемелдеу бойынша іс-шаралар кешені";

15) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

"15-1) білім туралы құжаттарды тану – білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті куәліктер бере отырып, адамдарға шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарында, оның ішінде олардың филиалдарында берілген білім туралы құжаттарды ресми растау";

17) тармақша алып тасталсын;

19-3), 21-5) және 35) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"19-3) ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларда тұрақты немесе уақытша қажеттіліктерді сезінетін адамдар (балалар);

21-5) жоғары колледж – жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің интеграцияланған модульдік білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

35) колледж – жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны";

38) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 38-4) және 38-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"38-4) онлайн-оқыту – білім алушы цифрлық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдар арқылы білім алатын оқу нысаны;

38-5) онлайн-ұйым – онлайн-оқыту режимінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы";

45) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"45) мемлекеттік білім беру тапсырысы – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта білім беру, қосымша білім беру, ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық (түзеу) қолдау, экономиканың қажеттілігін қамтамасыз

ету, білікті жұмыс күші мен қоғамның зияткерлік әлеуетін молықтыру үшін кадрларды даярлау, білікті қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау жөнінде, сондай-ақ білім беру жүйесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жөнінде мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсетулер көлемі,";

мынадай мазмұндағы 56-3) тармақшамен толықтырылсын:

"56-3) ұзартылған күн тобы – тәрбиелейтін білім беру ортасын қалыптастыру үшін бастауыш және орта сынып оқушыларының сабақтан тыс уақытын ұйымдастыру нысаны,";

3) 2-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан, "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңынан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің тізбесінде тұратын әлеуетті өнім берушілер орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды жеткізушіні таңдау бойынша конкурстарға оларды орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды жосықсыз әлеуетті өнім берушілер деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап жиырма төрт ай ішінде қатысуға жіберілмейді.";

4) 4-бапта:

7) және 11) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, заңды тұлғаларға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жөніндегі білім беру қызметімен айналысуға лицензиялар беруді келіседі,";

22-2) және 23) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"22-2) маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы және білім беру гранты негізінде білім алған, осы Заңның 47-бабының 17-тармағында аталған азаматтарды жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату тәртібін айқындайды;

23) басшыларын конкурстық негізде Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін жекелеген мемлекеттік ұйымдардың тізбесін және оларды тағайындау, аттестаттау және қызметтен босату тәртібін бекітеді;"

5) 5-бапта:

2-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2-2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру және бөлу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 2-7), 6-6) және 7-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-7) техникалық және кәсіптік (орта білімнен кейінгі) білім беру ұйымдарына қабылдау квотасы көзделетін ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының тізбесін бекітеді;"

"6-6) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларды оқу сабақтарынан босату қағидаларын айқындайды;"

"7-2) Білім алушылармен туристік сапарларды, экспедициялар мен экскурсияларды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) заңды тұлғаларға мыналарды:

бастауыш білім беру;

негізгі орта білім беру;

жалпы орта білім беру;

мамандықтардың топтары бойынша әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік білім беру;

мамандықтардың топтары бойынша әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтар бойынша орта білімнен кейінгі білім беру;

кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары білім беру;

кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру;

діни білім беру үшін білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны береді;"

9) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) халықаралық мектеп мәртебесі жоқ орта білім беру ұйымдарына институционалдық аккредиттеу жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

11-1) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"11-1) тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

12) ұлттық бірыңғай тестілеу мен кешенді тестілеуді өткізу және қазақ тілін білу деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ) қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 12-3) тармақшамен толықтырылсын:

"12-3) тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша мектепке дейінгі және орта білім беретін мемлекеттік ұйымдардың аумағында әкелуге және пайдалануға тыйым салынған бұйымдар мен заттардың тізбесін бекітеді;"

14), 14-2) және 14-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"14) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарында оқу жылының басталу мерзімін, ұзақтығын және каникулдық күндерін айқындайды;

14-2) қолайсыз ауа райы метеожағдайларында орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында сабақтарды тоқтату қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14-3) онлайн және экстернат нысанында оқытуға жол берілмейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тізбесін бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 14-4) және 14-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"14-4) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу жылын аяқтау және білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімін айқындайды;

14-5) ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалардың білім алу қажеттілігінің деңгейін бағалау өлшемшарттарын бекітеді;"

15-1), 21), 21-3) және 23) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"15-1) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын, мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқыту және оқытуға рұқсат беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

"21) білім туралы құжаттарды тану тәртібін белгілейді;"

"21-3) білім алушылардың оқу жетістіктерін, білімі мен дағдыларын бағалау жүйесі мен өлшемшарттарын әзірлейді және бекітеді;"

"23) білім беру ұйымдарының есептіліктегі, оның ішінде білім беру қызметінде пайдаланылатын қатаң есептіліктегі құжаттарының нысандары мен тізбесін әзірлейді және бекітеді, білім туралы құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптарды айқындайды

; білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін, оның ішінде электрондық форматта берілетін анықтама нысанын бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 25-4) тармақшамен толықтырылсын:

"25-4) орта білім беру ұйымдары басшыларының республикалық кеңесін, орта білім беру саласындағы республикалық оқу-әдістемелік кеңесті құрады және олардың қызметі туралы ережелерді бекітеді;"

27-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"27-1) республикалық және жергілікті бюджеттер бекітілгенге дейін оқулықтардың, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 29-3) тармақшамен толықтырылсын:

"29-3) балалар мен білім алушыларды мамандандырылған білім беру ұйымдарына оқуға конкурстық іріктеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

32) және 34) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"32) білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ведомстволық бағыныстағы ұйымдардағы бюджеттік және қаржылық тәртіптің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

"34) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтерін қоспағанда, тиісті саланың уәкілетті органдарының келісімі бойынша педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 34-2) тармақшамен толықтырылсын:

"34-2) анттың мәтінін және оны педагогтердің қабылдау тәртібін әзірлейді және бекітеді;"

35), 36-2) және 38-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"35) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру мемлекеттік ұйымдарының басшыларын конкурстық тағайындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

"36-2) ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізу және одан шығару үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;"

"38-1) педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту, сондай-ақ курстан кейінгі мониторингті ұйымдастыру және өткізу, курстан кейінгі сүйемелдеу және біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтерді қолдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

38-2) тармақ алып тасталсын;

38-3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"38-3) білім беру саласындағы ұйымдар ұсынатын формальды емес білім беру арқылы ересектердің алған оқу нәтижелерін тану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;" ;

38-4) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 38-5) тармақшамен толықтырылсын:

"38-5) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әдістемелік кабинеттерінің және білім беруді басқару органдарының үлгілік құрылымын әзірлейді және бекітеді;" ;

44-5), 46-2) және 46-10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"44-5) білім беру ұйымдары, оның ішінде шағын жинақталған мектептер түрлерінің номенклатурасын бекітеді;" ;

"46-2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын (бұдан әрі – жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары) әзірлеуді ұйымдастырады және бекітеді;" ;

"46-10) экстернат нысанында оқыту және онлайн-оқыту қағидаларын әзірлейді және бекітеді;" ;

мынадай мазмұндағы 47-1) тармақшамен толықтырылсын:

"47-1) республикалық бюджет есебінен орта білім беру объектілерін салуды, қайта жаңартуды қаржыландыру әдістемесін әзірлейді және бекітеді." ;

б) 5-1-бапта:

10) және 13) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"10) орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, әскери, арнаулы оқу орындарында оқу жылының басталуының, ұзақтығының және каникул күндерінің мерзімдерін айқындайды;" ;

"13) орта және техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының азаматтық қызметшілерінің лауазымдарын қоспағанда, әскери, арнаулы оқу орындарында педагогтер біліктілік сипаттамаларын әзірлейді және бекітеді" ;

7) 6-бапта:

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, сондай-ақ бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді қамтамасыз етеді;" ;

мынадай мазмұндағы 8-4) тармақшамен толықтырылсын:

"8-4) меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарында қосымша білім беруге, ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық,

түзеу арқылы қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді және орналастырады;"

9) тармақша алып тасталсын;

20) және 24-5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"20) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік білім беру тапсырысы және білім беру гранты негізінде бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;"

"24-5) облыстық деңгейдегі әдістемелік орталықтардың материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;"

мынадай мазмұндағы 24-10) тармақшамен толықтырылсын:

"24-10) ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды оңалтуға және түзеу арқылы қолдауға, сондай-ақ қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді және орналастырады;"

3-тармақта:

мынадай мазмұндағы 7-4) тармақшамен толықтырылсын:

"7-4) меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарында қосымша білім беруге, ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық, түзеу арқылы қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді және орналастырады;"

8) тармақша алып тасталсын;

22), 25-8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"22) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік білім беру тапсырысы және білім беру гранты негізінде бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;"

"25-8) әдістемелік орталықтардың материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;"

4-тармақта:

3) тармақша алып тасталсын;

8-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8-2) аудандық (қалалық) әдістемелік кабинеттердің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;"

мынадай мазмұндағы 8-4) тармақшамен толықтырылсын:

"8-4) меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарында қосымша білім беруге, ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық, түзеу арқылы қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді және орналастырады;"

8) 8-баптың 2-2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырыс шарты білім беру саласындағы уәкілетті орган, білім беру саласындағы уәкілетті органның операторы және жатақхананың меншік иесі арасында үш жылдан асатын мерзімге жасалады. Жатақхананың нысаналы мақсатын өзгертуге кемінде жиырма жыл мерзімге тыйым салудың болуы студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырыс шартының міндетті талабы болып табылады.";

9) 9-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-1-бап. Білім беру ұйымдарын аккредиттеу

1. Білім беру ұйымын аккредиттеу институционалдық және мамандандырылған, ерікті негізде жүзеге асырылады.

2. Халықаралық мектеп мәртебесі жоқ орта білім беру ұйымын қоспағанда, білім беру ұйымы аккредиттеуден өту кезінде аккредиттеу органын таңдауда дербес болады.

Аккредиттеу органы аккредиттеуді өткізу туралы немесе аккредиттеуді өткізуден бас тарту туралы шешімді, халықаралық мектеп мәртебесі жоқ орта білім беру ұйымын қоспағанда, білім беру ұйымы өтінішінің және тізбесін аккредиттеу органы айқындайтын, ұсынылған құжаттардың қаралу нәтижелері бойынша қабылдайды.

Халықаралық мектеп мәртебесі жоқ орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдары танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында институционалдық және (немесе) мамандандырылған аккредиттеуден өтуге құқылы.

Аккредиттеу жүргізудің шарттары мен мерзімдері, халықаралық мектеп мәртебесі жоқ орта білім беру ұйымын қоспағанда, білім беру ұйымы мен аккредиттеу органы арасындағы аккредиттеу жүргізу туралы шартта айқындалады.

3. Халықаралық мектеп мәртебесі жоқ орта білім беру ұйымдары білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес институционалдық аккредиттеуден өтеді.

4. Халықаралық мектеп мәртебесі жоқ орта білім беру ұйымын қоспағанда, білім беру ұйымын аккредиттеу өз қаражаты есебінен жүргізіледі.";

10) 11-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) кәсіптік білім берудің қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін оқытудың инновациялық технологияларын енгізу және тиімді пайдалану;"

11) 26-бапта:

5-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Білім беру гранттарын алуға, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімді кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың құрамына қабылдауға конкурс өткізу кезінде балдары тең болған жағдайда, келесі кезектілікпен:";

8-тармақтың б) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының азаматтарын қабылдау үшін квота көзделеді." деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтарын;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7), 8), 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"7) төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалар тәрбиеленіп жатқан отбасылардың балаларын;

8) оқуға түскен сәтінде кемінде 3 жыл аталған мәртебесі бар толық емес отбасылардың балаларын;

9) мүгедек балаларды тәрбиелеп жатқан отбасылардың балаларын;

10) "Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен марапатталған аналардың балаларын қабылдау үшін квота көзделеді.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары оқуға түскен адамдармен шарт жасасады, оның үлгілік нысанын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.";

12) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Білім алу нысандары

Жеке адамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ескеріле отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына, білім берудің әрбір деңгейін алуға қол жеткізу жағдайларының жасалуына қарай оқыту күндізгі, кешкі, сырттай оқу, экстернат, онлайн оқыту нысанында, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар адамдар (балалар) үшін жүзеге асырылады.";

13) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"30-бап. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бір жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін отбасында, мектепке дейінгі ұйымда, бес жастан бастап отбасында, мектепке дейінгі ұйымда және мектепалды сыныптарда жүзеге асырылады.";

14) 31-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 1-сыныпқа оқуға 1 қыркүйекте алты жасқа толған балалар, сондай-ақ ата-анасының (немесе заңды өкілдерінің) қалауы бойынша ағымдағы күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балалар қабылданады.";

15) 33-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары жоғары колледждерде іске асырылады.";

16) 35-баптың 2-тармағының екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту күндізгі оқу, онлайн оқу және (немесе) экстернат нысандарында жүзеге асырылады.

Ұлттық зерттеу университеті, ұлттық жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін онлайн ұйым, зерттеу университеті, университет, академия, институт және оларға теңестірілгендер (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының негізгі түрлері болып табылады.";

17) 39-бапта:

3-тармақтың 1) және 1-1) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігі академиясында, әскери, арнаулы оқу орындарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар білім беру ұйымдары;

1-1) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттеуден өткен халықаралық мектептер;"

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Шет мемлекеттердің білім беру ұйымдары, оның ішінде олардың филиалдары берген білім туралы құжаттарды Қазақстан Республикасында тану білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын білім беру деңгейлері, біліктілік, мамандықтар мен кадрлар даярлау бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген, өзара тану туралы халықаралық шарттардың (келісімдердің) қолданылуына жататын білім туралы құжаттар, егер халықаралық шарттарда (келісімдерде) өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасында тиісті куәлік берілмей танылады.

8. "Болашақ" халықаралық стипендиясын иеленуші Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтар мен зертханалар берген білім туралы құжаттар тану рәсімдерінен өтпей-ақ Қазақстан Республикасында танылады.";

18) 41-баптың 1-тармағының 6) тармақшасындағы "ресімдеу тәртібін қамтуға тиіс." деген сөздер "ресімдеу тәртібін;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) білім беру ұйымының басқару және өзін-өзі басқару органдарының құрылымы мен құзыретін, оларды қалыптастыру тәртібін және өкілеттік мерзімдерін қамтуға тиіс.";

19) 43-баптың 3-тармағында:

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) оқытудың инновациялық технологияларын енгізу;

5) білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүргізу, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізу;"

мынадай мазмұндағы 7-1) және 13-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) педагогтердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті медициналық тексеруден өтуін қамтамасыз ету;

13-1) білім алушыларды оқытудың, тәрбиелеудің, тәрбиеленушілерді қарау мен күтудің, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ететін белгіленген нормаларға сәйкес оларды күтіп-бағудың қауіпсіз жағдайларын жасау және қамтамасыз ету";

20) 43-1-баптың 2-тармағының 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) оқытудың инновациялық технологияларын, оның ішінде оқытудың кредиттік технологиясын енгізу;"

21) 44-бапта:

3, 5 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Лауазымға тағайындау және лауазымнан босату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын жекелеген мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын қоспағанда, білім беру ұйымының басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

Мемлекеттік басқару академиясының, сот төрелігінің, құқық қорғау органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінің бірінші басшыларын лауазымға тағайындау және лауазымнан босату тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

Бірінші басшыларын Қазақстан Республикасының Үкіметі лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Мектепке дейінгі, орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру мемлекеттік ұйым басшысы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен конкурстық негізде лауазымға тағайындалады.

5. Мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы үш жылда бір рет Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын жекелеген мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бірінші басшыларының аттестаттаудан өту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

9. Білім беру ұйымдарында алқалы басқару органдары құрылады.

Білім беру ұйымын алқалы басқарудың нысандары, оларды сайлау тәртібімен қоса, жұмысты ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін білім беру ұйымының кеңесі (ғылыми кеңес), қамқоршылық кеңес, педагогтік, әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми әдістемелік) кеңестер, білім беру ұйымының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесі және басқа да нысандар бола алады.";

мынадай мазмұндағы 9-3-тармақпен толықтырылсын:

"9-3. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарының штаттарын білім беру ұйымдарының мемлекеттік басқару органдары бекітеді.";

22) 45-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Білім беру ұйымының басшысы білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді.";

23) 47-бапта:

3-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

б) қайта қабылдануға және бір оқу орнынан басқасына, бір мамандықтан немесе жоғары білімнің білім беру бағдарламасынан басқасына, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы және білім беру гранты бойынша оқуға немесе оқудың бір нысанынан басқасына ауысуға;"

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы және білім беру гранты бойынша білім алушы студенттерге, интерндерге, магистранттарға, докторанттарға, резидентура тыңдаушыларына, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларына мемлекеттік стипендия төленуі мүмкін. Мемлекеттік стипендияны тағайындау және төлеу қағидаларын, сондай-ақ оның мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік білім беру тапсырысына және білім беру грантына сәйкес оқуға қабылданған білім алушыларды білім беру ұйымдары білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етеді.";

17-тармақта:

бірінші, екінші, үшінші және алтыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Осы Заңның 26-бабы 8-тармағының 3) тармақшасында белгіленген квота шегінде педагогтік, медициналық және ветеринарлық білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түскен ауыл жастары қатарынан шыққан азаматтар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын бітіргеннен кейін тиісінше меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарында, меншік нысанына қарамастан медицина ұйымдарында, ветеринария саласында қызметін жүзеге асыратын

мемлекеттік органдар бөлімшелерінде не ауылдық жерде орналасқан меншік нысанына қарамастан ветеринария ұйымдарында кемінде үш жыл жұмыспен өтеуге міндетті.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы және білім беру гранты негізінде педагогикалық және медициналық білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын бітіргеннен кейін кемінде үш жыл тиісінше меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарында және денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыспен өтеуге міндетті.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы және білім беру гранты негізінде басқа білім беру бағдарламалары бойынша білім алған Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен кемінде үш жыл жұмыспен өтеуге міндетті.

Осы Заңның 26-бабы 8-тармағының б) тармақшасында белгіленген квота шегінде педагогикалық, техникалық және ауыл шаруашылығы білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын аяқтағаннан кейін оқытқан жері бойынша өңірде кемінде үш жыл жұмыспен өтеуге міндетті.";

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақта аталған азаматтар:

- 1) ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстырылған ;
- 2) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқудан ақылы негізге ауыстырылған ;
- 3) ағымдағы немесе келесі оқу жылы ішінде кейіннен қайта қабылдану шартымен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымынан шығарылған жағдайларда кез келген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын бітіргеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен, осы тармақта көзделген жұмыспен өтеу мерзімі шегінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу кезеңіне барабар жұмыспен өтейді.";

17-4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бюджет қаражаты есебінен шыққан шығыстарды өтеуді осы баптың 17-тармағында көрсетілген азаматтар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен іс жүзінде жұмыс істеген кезеңіне барабар жүзеге асырады.";

24) 48-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары білім алушыларының ең жоғары

оқу жүктемесі білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкес білім беру ұйымының тиісті түрінің үлгілік оқу жоспарларында айқындалады.";

5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалады. Білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру тәртібін бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лауазымды адамдарды жауапкершілікке алып келеді. Тамақтандыру сапасын бақылау денсаулық сақтау органдарына жүктеледі."

25) 49-баптың 2-тармағының 7) тармақшасындағы "сақтауға міндетті." деген сөздер "сақтауға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) қоспағанда, оқулықтар мен оқу әдебиетін сатып алу жөніндегі шығыстарды, сондай-ақ онлайн оқыту нысанымен байланысты өзге де шығыстарды төлеуге міндетті.";

26) 7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Педагог мәртебесі";

27) 50-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"50-бап. Педагог мәртебесі

1. Мемлекет қоғамдағы педагогтің ерекше мәртебесін мойындайды және кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін жағдай жасайды.

2. Педагог мәртебесі "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.";

28) 51, 52 және 53-баптар алып тасталсын;

29) 55-бапта:

4, 5 және 6-тармақтар алып тасталсын;

7-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

30) 57-бапта:

2-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру саласындағы қызметін лицензиялау – мамандықтар бойынша, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың топтары бойынша жүргізіледі.

Бұл ретте білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияға қосымшада техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышына сәйкес мамандықтар бойынша, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың топтары бойынша шифр, атауы, оқыту мерзімі көрсетіледі.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Білім беру қызметімен айналысуға лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрған кезде лицензиаттың білім туралы құжатты бере отырып білім берудің оқу жылын аяқтауға құқығы бар.";

мынадай мазмұндағы 5-1 және 5-2-тармақтармен толықтырылсын:

"5-1. Білім беру қызметімен айналысу лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған кезде лицензиат:

- 1) мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған конкурсқа қатысуға;
- 2) білім беру қызметімен айналысу лицензиясымен және (немесе) лицензияның қосымшаларымен әрекеттер жасауға (тоқтатуға, қайта ресімдеуге, тоқтатыла тұрған білім беру қызметімен айналысу лицензиясына жаңа қосымшалар алуға);
- 3) оқуға қабылдауды жүзеге асыруға құқылы емес.

5-2. Қызметін хабарлама жасау тәртібімен жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының қызметі тоқтатыла тұрған кезде білім беру ұйымдары:

- 1) мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған конкурсқа қатысуға;
- 2) бұзушылықтарды жойғанға және білім беру саласындағы уәкілетті орган қызметті қайта бастағанға дейін қызметті жүзеге асыруға құқылы емес.";

31) 59-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"59-бап. Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау

1. Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау мемлекеттің білім алуға құқықты қамтамасыз етуіне және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өз қызметінің Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігін сақтауға бағытталған және оны білім беру саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерулер және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган, ведомство және оның аумақтық органдары жүргізеді.

Жергілікті атқарушы органдардың білім беруді басқару органдары, меншік нысанына және ұйымдық құқықтық нысанына қарамастан, бір немесе бірнеше білім беру бағдарламаларын іске асыратын және (немесе) білім алушыларды, тәрбиеленушілерді бағып-күтуді және тәрбиелеуді қамтамасыз ететін заңды тұлғалар,

занды тұлға құрмай, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын дара кәсіпкерлер бақылау субъектісі (объектісі) болып табылады.

Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары болып табылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау уәкілетті органда бар деректерді:

бақылау субъектісі (объектісі) ұсынған, оның ішінде автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы алынған есептерді;

уәкілетті ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардан сұрату арқылы алынған мәліметтерді;

бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі бойынша түрлі ақпарат көздерінен алынған, оның ішінде жыл сайын мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы беретін оқыту бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін жыл сайынғы өзін-өзі бағалау бойынша алынған мәліметтерді талдау және салыстыру арқылы жүргізіледі.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілетін профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бақылау субъектісінің (объектісінің) әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, бұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсыным ресімделеді және жіберіледі.

Ұсыным бақылау субъектісіне (объектісіне) жеке өзіне қол қойғыза отырып немесе жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жолданған ұсыным мынадай жағдайларда:

қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

поштамен – тапсырысхатпен;

электрондық тәсілмен – уәкілетті орган, ведомстволық немесе оның аумақтық органдары сұрау салған кезде хатта көрсетілген бақылау субъектісінің (объектісінің) электрондық мекенжайына жөнелткен күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілетін профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным оны табыс еткен күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға, ведомствоға немесе оның аумақтық органына

ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындауға алып келеді.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жылына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын, қызметін хабарлама жасау тәртібімен жүзеге асыратын білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылауға жатады.";

32) 60-бап алып тасталсын;

33) 61-баптың 3-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік білім беру тапсырысын және білім беру грантын бюджеттік қаржыландыру;"

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын және білім беру грантын қаржыландыру көздері болып табылады.";

34) 62-бапта:

4 және 4-2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік білім беру кәсіпорындарын және жекеменшік білім беру ұйымдарын қаржыландыру мемлекеттік білім беру тапсырысының және білім беру грантының негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік білім беру кәсіпорындары үшін мемлекеттік білім беру тапсырысының және білім беру грантының көлемі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігі академиясын, медициналық, әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын, сондай-ақ қаржыландыру көлемін тиісті саланың уәкілетті органы өзі дербес айқындайтын республикалық орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шығыстармен айқындалады.

Жекеменшік білім беру ұйымдары үшін мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне сәйкес айқындалады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысымен байланысты көрсетілетін қызметтердің тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Білім беру ұйымдары өздерінің қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесінде қалған, мемлекеттік білім беру тапсырысы мен білім беру грантының шеңберінде көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ағымдағы қаржы жылындағы кірістерін кезекті қаржы жылында пайдаланады.

4-2. Жергілікті атқарушы органдар меншік нысанына қарамастан, орта білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады.

Құрылысын салу немесе реконструкциялау арқылы жаңадан пайдалануға берілген, білім алатын оқушы іс жүзінде алып отырған әрбір орын үшін ғимараттардың амортизациясына жұмсалатын шығыстарды өтеуге үміткер жекеше орта білім беру ұйымына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру орта білім беру ұйымы объектісінің нысаналы мақсатын өзгертуге жиырма бес жылға тыйым салынған жағдайда жүзеге асырылады.

Құрылысын салу немесе реконструкциялау арқылы жаңадан пайдалануға берілген, білім алатын оқушы іс жүзінде алып отырған әрбір орын үшін ғимараттардың амортизациясына жұмсалатын шығыстарды өтеуге үміткер жекеше орта білім беру ұйымына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған шарттың талаптары жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларында айқындалады.";

35) 63-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

"3-2. Шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс, ақылы қызметтер көрсету туралы шартты жасай отырып, ақылы негізде мынадай:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлау;

2) кәсіптік оқытуды ұйымдастыру (жұмысшы кадрлар мен мамандарды, ересек тұрғындар мен жұмыссыз азаматтарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру);

3) бағдарламалардың оқу жоспары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (пәндер мен пәндер циклдері) бойынша жекелеген білім алушыларға қосымша сабақтар ұйымдастыру;

4) өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында курстар ұйымдастыру;

5) мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

6) дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу, спорттық және шығармашылық секциялар құру;

7) білім беру процесін, зерттеулерді, тәрбие және әлеуметтік-мәдени, ғылыми-практикалық қызметті қамтамасыз ету үшін баспа және полиграфиялық қызмет;

8) оқу-өндірістік шеберханаларда, оқу шаруашылықтарында, оқу полигондарында және оқу-тәжірибелік учаскелерде оқу процесінде шығарылатын өзі өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіруді және өткізуді ұйымдастыру;

9) білім алушылардың оқуға түсуіне және білім алушыларды аралық немесе қорытынды аттестаттауды өткізуге байланысты іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу (талапкерлерге арналған дайындық сабақтары, байқау тестілеуі, емтихандарды қайта тапсыру);

10) ақылы негізде білім алушыларға, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне оқу уақытында, кездесулердің, келіссөздердің, әртүрлі іс-шаралардың қатысушыларына жұмыс кезеңінде бос орындар болған кезде жатақханадан орын беру;

11) цифрлық интерактивті білім беру ресурстары мен оқу фильмдерін ұйымдастыру, құру және дамыту;

12) бизнес-инкубаторлар, оқу-тренингтік орталық, студенттердің конструкторлық бюроларын және қызмет бейіні бойынша басқа да құрылымдарды құру;

13) жасалған шарттар шеңберінде оқу кабинеттерін, шеберханаларды, тренажер, спорт және акт залдарын, спорт алаңдарын, стадионды, көлікке арналған тұрақ орындарын, асхананы, буфет пен үй-жайларды, заңды және жеке тұлғаларға пайдалануға беруге құқылы.";

36) 65-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасында халықаралық және шетелдік оқу орындарын және (немесе) олардың филиалдары мен өкілдіктерін құру халықаралық шарттардың негізінде немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Халықаралық мектеп мәртебесін беру Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша, ол айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, халықаралық оқу орындарының және Қазақстан Республикасының аумағында басқа мемлекеттер немесе олардың заңды және жеке тұлғалары құратын оқу орындарының, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің білім беру қызметін лицензиялау, сондай-ақ мұндай оқу орындарын бақылау және аккредиттеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.";

10. "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 24, 127-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат;

2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 21-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; 2015 ж., № 10, 50-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; №12, 36-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №14, 42-құжат; №24, 93-құжат; 2019 ж., №7, 36-құжат):

1) 6-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) террористік белсенділік аймағынан келуі.";

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жасалған әрекеттерге қатысты қылмыстық іс жүргізуді қозғау фактісінің бар-жоғына қарамастан, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылыққа, адам саудасына, оның ішінде кәмелетке толмағандар саудасына, оларды пайдаланудың өзге де түрлеріне байланысты әрекеттер, сондай-ақ адам ұрлау әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездік таныту нысандары болып табылады."

11. "Назарбаев Университеті", "Назарбаев Зияткерлік мектептері" және "Назарбаев Қоры" мәртебесі туралы" 2011 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 2, 20-құжат; 2012 ж., № 5, 36-құжат, № 23-24, 125-құжат; 2015 ж., № 14, 72-құжат; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат, 2017ж., №16, 56-құжат):

10-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Педагогтердің педагогикалық шеберлік деңгейлерін, педагогтердің біліктілік сипаттамаларын Зияткерлік мектептер дербес бекітеді."

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау;"

12. "Ғылым туралы" 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 4, 36-құжат; 2013 ж., № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 119-құжат, № 21-III, 135-құжат; 2018 ж., №15, 47-құжат; № 22, 83-құжат):

1) 1-баптың 19) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"19-1) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының эндаумент-қоры – қайырымдылық көмек, өтеусіз аударымдар, қайырмалдықтар, гранттар, білім беру ұйымдары құрылтайшыларының (қатысушыларының) салымдары есебінен қалыптастырылатын нысаналы капитал қоры, одан түсетін инвестициялық кіріс ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті және (немесе) білім беру қызметін қаржыландыруға бағытталады.";

2) 4-бапта:

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) "Үздік ғылыми қызметкер" атағын беру қағидаларын әзірлеу және бекіту";";

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін алуға қорғалған диссертацияларды мемлекеттік тіркеу тәртібін әзірлеу және бекіту";";

19) тармақша алып тасталсын;

3) 15-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) 2000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мемлекеттік грант беріле отырып, "Үздік ғылыми қызметкер" атағына ұсынылуы мүмкін.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік ғылыми стипендиялар:

мемлекет үшін басым бағыттарда іргелі немесе қолданбалы зерттеулер жүргізуге, ғылыми кадрлар даярлауға белсенді қатысатын ғалымдар мен ғылыми қызметкерлерге;

ғылыми проблемаларды шешу бойынша зерттеулер жүргізуге белсене қатысатын және ғылыми қоғамдастық мойындаған, қырық жасқа дейінгі (қырық жасты қоса алғанда) талантты жас ғалымдарға да берілуі мүмкін.";

4) 19-бапта:

2-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруға ұсынылатын іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын конкурстық іріктеуді жүзеге асыру";";

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ұлттық ғылыми кеңестер:

ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстардың жобалары мен бағдарламаларын;

ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар бөлігіндегі басқа да бағдарламаларды;

Қазақстан Республикасы ғылыми мекемелерінің, ұйымдары мен кәсіпорындарының қатысуымен іске асырылатын мемлекетаралық ғылыми-техникалық бағдарламалардың жобаларын;

инновациялық жобаларды;

ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын бөлінетін бюджеттік бағдарлама бойынша тиісті қаржы жылына арналып бекітілген бюджет шеңберінде мемлекеттік бюджет есебінен гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (қаржыландыруды тоқтату) туралы ашық дауыс беру арқылы шешімдер қабылдайды.

6. Ұлттық ғылыми кеңестердің шешімдерін уәкілетті орган және салалық уәкілетті органдар бөлінетін бюджеттік бағдарлама бойынша тиісті қаржы жылына арналып бекітілген бюджет шеңберінде орындауға тиіс.

Ұлттық ғылыми кеңестердің шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және бөлінетін бюджеттік бағдарлама бойынша тиісті қаржы жылына арналып бекітілген бюджет шеңберінде қабылдануға тиіс.";

5) 21-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламаларды, оның ішінде олардың шығындарының негізділігін талдамалық бағалауды дайындау мақсатында сараптама қорытындыларының тәуелсіздігі, объективтілігі, біліктілігі, кешенділігі, дәйектілігі, толықтығы және негізділігі қағидаттарында жүзеге асырылады.";

6) 26-баптың 1, 4, 5 және 8-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Гранттық қаржыландыру ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейін, ғылыми ұйымдардың және олардың ұжымдарының, ғалымдардың ғылыми-техникалық әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізуге бөлінеді."

"4. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурсты уәкілетті орган және (немесе) салалық уәкілетті орган жариялайды және ол конкурс жариялаған тиісті органның интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

5. Гранттық қаржыландыруға қатысуға өтінімдерді ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері конкурс жариялаған уәкілетті органға немесе салалық уәкілетті органға береді және олар конкурс жариялаған тиісті органның интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

"8. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурс нәтижелері конкурс жариялаған тиісті органның интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.";

7) 27-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бағдарламалық-нысаналы зерттеулердің тақырыбын Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындайды.";

3, 4 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға арналған конкурсты уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган жариялайды және ол конкурс жариялаған тиісті органның интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

4. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруға өтінімдерді уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті органдар тиісті ұлттық ғылыми кеңестің қарауы үшін Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығына жолдайды және олар конкурс жариялаған тиісті органның интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.";

"10. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурсының нәтижелері конкурс жариялаған тиісті органның интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.";

8) 28-бап алып тасталсын.

13. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 19-I, 99-құжат; № 19-II, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 124-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 145, 148-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 22-құжат; № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 15, 47-құжат; № 19, 62-құжат; №22, 82-құжат; №23, 91-құжат, 2019 ж.,№2, 6-құжат;):

1) 139-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Заңда көзделген жағдайларда басшыны тағайындау, басшының кандидатурасын келісу, оны аттестаттауды өткізу, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымының басшысын, Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын басшыны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын мектепке дейінгі, орта білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру мемлекеттік ұйымының басшысын қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.";

2) 148-баптың 1-тармағының бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Денсаулық сақтау және білім беру және ғылым саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорында тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) ұсынысы бойынша, осы Заңмен және (немесе) денсаулық сақтау және білім беру саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысымен тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің шешімін қоспағанда, кәсіпорынның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын байқау кеңесі – басқару органы құрылуы мүмкін.

Білім беру және ғылым, денсаулық сақтау салаларындағы байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынды құру, сондай-ақ білім беру және денсаулық сақтау салаларында жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін енгізу Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.";

14. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 5, 40-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 10-құжат ; № 3, 15-құжат; № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 11, 56-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 16, 56-құжат; №21, 98-құжат; 2018 ж., №15, 47-құжат):

35-баптың 5-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ауылдық жерде орналасқан білім беру ұйымдарының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар және мамандығы бойынша жұмыс істейтін педагогтеріне – жұмыс істеп жүрген барлық кезеңіне;"

15. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 9, 51-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 8, 45-құжат; № 9, 46-құжат; № 11, 57-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 144, 145-құжаттар; № 22-V, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 6, 45-құжат; № 7-I, 50-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 8-II, 68-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 9, 21, 22-құжаттар; № 11, 29-құжат; № 12, 34-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47, 49-құжат; № 23, 91-құжат; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45-құжат; 2019 жылғы 5 шілдедегі "Казахстанская правда" газетінінде №127 жарияланған):

1) 1-қосымшаның 3-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

Білім беру қызметімен	1.	Бастауыш	білім	беру.	Иеліктен шығарылмайтын
	2.	Негізгі	орта	білім беру.	
	3.	Жалпы	орта	білім беру.	
	4.	Мамандықтар бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың топтары бойынша техникалық және кәсіптік білім беру.			
	5.	Мамандықтар бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың топтары бойынша орта білімнен кейінгі білім			

айналысуға лицензия	б е р у . 6. Кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары білім беру. 7. Кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру. 8. Діни білім беру.	; 1-сынып
------------------------	--	--------------

"

16. "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-VII, 118-құжат., № 15, 50-құжат):

1) 1-баптың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған грант – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын іске асыру үшін өтеусіз негізде берілетін бюджет және (немесе) бюджеттен тыс қаражат

2) 4-бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын іріктеу, қаржыландыру және мониторингілеу тәртібін әзірлеу және бекіту;"

мынадай мазмұндағы 10-1) және 10-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыруды жүргізуге арналған конкурстық құжаттаманы әзірлеу және бекіту;

10-2) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған жобаларды қаржыландыруды жүзеге асыратын заңды тұлғаны айқындау;"

3) 11-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды қаржыландыруды уәкілетті орган не ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған жобаларды қаржыландыруды жүзеге асыратын өзге де заңды тұлға жеке кәсіпкерлік субъектілері және (немесе) квазимемлекеттік сектор тарапынан міндетті бірлесіп қаржыландыру шарттарында бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Грантты Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын бұза отырып пайдаланған грант алушы нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған қаржы қаражатын қайтару жөнінде міндеттеме алады.";

4) 12-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

5) 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталықтарының (офистерінің) жұмыс істеуі жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың, дербес білім беру немесе өзге де білім беру ұйымының қаражаты есебінен де ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындауға бөлінген гранттық қаржыландыру көлемінің кемінде екі пайызы мөлшерінде қамтамасыз етіледі."

17. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 13 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 21-III, 135-құжат; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат; 2018ж., №15, 47-құжат):

1-баптың 2-тармағы 31) тармақшасының оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші және он тоғызыншы абзацтары алып тасталсын;

54) тармақшаның үшінші абзацы алып тасталсын.

18. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 8-I, 67-құжат; 2018 ж., №15, 47-құжат):

1-баптың 11-тармағы 10) тармақшасының үшінші, алтыншы және жетінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, докторантураның, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясында, әскери, арнаулы оқу орындарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттар;

1) негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары, докторантураның, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясында, әскери, арнаулы оқу орындарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар білім беру ұйымдары;

2) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттеуден өткен халықаралық мектептер береді."

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК